

Мектептің 2024-2025 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері:

Мектеп миссиясы: Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек (А. Байтұрсынұлы) Ұлттық сана-сезімін бойына сіңірген, білімді, рухты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Мектеп пайымы: «Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген білім және тәрбие беру ортасы, жаңартылған материалдық – техникалық база; Оқушылардың функционалдық, цифрлық және қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға кәсіби құзыретті – мұғалім; Функционалды, цифрлық және қаржылық сауаттылығы қалыптасқан бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған тұлға;

Мектептің ағымдағы оқу жылындағы тақырыбы:Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу-тәрбие үдерісіне өзгерістер енгізу арқылы білім сапасын арттыруға жағдай жасау.

Мақсаты:Педагогтің кәсіби тұлғалық құзыреттілігін анықтай отырып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.

Міндеттері:1.Оқу үдерісінің барлық қатысушыларының заңды құқықтары мен қызығушылықтарын барынша толығымен жүзеге асыратын ашық білім беру ортасын ашу.

2. Жаңашыл педагог моделін қалыптастыруға ықпал ету; (есепке алу,сараптау,талдау,бағалау)

3.Білім алушылардың функционалды сауаттылығының барлық түрлерін арттыруда барынша жоғары нәтиже беретін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша пәндерді оқытудың тиімді жолдарын анықтау және жинақтау.

4.Білім беру үдерісіне мектеп әлеуметі өкілдерін жұмылдыра отырып, бақылаудың жаңашыл, заманауи түрлерін енгізу.

5.Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту. Білім сапасын 43 пайыздан 50 пайызға көтеру.

Күтілетін нәтиже: Зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азамат және шығармашыл тұрғыда ойлауға, шешім қабылдай алуға,кәсіби жолын таңдай алуға қабілетті, өмір бойы білім алуға дайын тұлға қалыптасады.